

**«Аққұм» жалпы орта мектебі**  
**Техникалық пәндер бірлестігі отырысының**  
**Хаттамасы**

Аққұм елді мекені

№ 1

29.08.2022 ж

**Отырысқа қатысқандар: 5**

**Қатыспағандар:**

**Себептісі:**

**Отырыс төрайымы:**

**Э. Ибрагимова**

**Хатшысы:**

**Г. Турдиматова**

**Күн тәртібінде**

- 1.ӘБ-тің өткен жұмысының талдауы
- 2.ӘБ-тің 2022-2023 оқу жылына арналған басым бағыттары мен міндеттерімен, жоспарымен таныстыру.
3. Өз білімдерін көтеру тақырыптарын таңдауда әңгімелесу, кеңес беру, жоспарымен таныстыру.
- 4.2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелің нұсқау хатын оқу, оқу бағдарламасымен танысу.
- 6.Сағат жүктемесімен келісу.
7. Пән мұғалімдерінің жоспарын бекіту.

**Тыңдалды:**

Бірінші қаралатын мәселе бойынша сөз алған техникалық пәндер бірлестігінің жетекшісі Ибрагимова Э өткен оқу жылының жұмысына шолу жасап, пән бірлестік мүшелерінің қандай қызмет атқарғандығын, қандай жетістіктерге жеткендерін және жыл бойында қандай олқылықтар жібергендері жайында біршама өз пікірін айтты.

Екінші қаралатын мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Ибрагимова Э техникалық пәндер бірлестігінің жоспарымен таныстырып, бірлестіктің мақсат міндеттері мен жоспарын таныстырып өтті.

Үшінші қаралатын мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Ибрагимова Э бірлестік мүшесіндегі пән мұғалімдерінің шығармашылық тақырыптары бойынша сабақ өтіп, ондағы кемшілік тұстары мен жетістіктерін саралап әр сабақтарында зерттеу жұмыстарын жасап отырулары керектігін айтты.

Төртінші қаралатын мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Ибрагимова Э 2022-2023 оқу жылына арналған нұсқаулық хатымен таныстырып өтті. Сонымен қатар биылғы оқу жылында біршама өзгерістер бар екенін айтты. Өзгерістерді атап айтқанда: биылғы оқу жылында математика, физика пәндерінен әр тоқсан бойында 2,3 БЖБ жұмыстары алынатынын, күнделікті қалыптастырушы бағалау жұмыстары алынып, ол 1-10 балл арасында бағаланып отыратынын айтты. Биылғы оқу жылы да «күнделік» флатформасымен жұмыс істейтінін, күнделікті

сабақ жоспарын күнделікке енгізіп, оқушылардың сабаққа қатысуын, бағаларын енгізіп отыратындықтарын айтты.

Бесінші қаралған мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Ибрагимова Э 2022-2023 оқу жылының сағат жүктемелерін бөлісуі жайында айтты. Ол өз сөзінде Биылғы оқу жылында оқу жүктемесіне өзгерістер енгізілгенін, № 415 бұйрықты негізге ала отырып, апталық оқу жүктемесі 16 сағат болып өзгергенін айтты.

Келесі қаралған мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Ибрагимова Э пән бойынша сабақ жоспарларын жасап бекітулерін сұрады. Пән мұғалімдері барлық жоспарлары дайын екенін бекітуге әзір екендіктерін айтты.

### **Ұсыныс**

1. 2022-2023 оқу жылына бірлестік жетекшісі математика пәнінің мұғалімі Э.Ибрагимова, хатшысы Г. Турдиматова болып бекіту үшін мектеп директорына ұсынылсын.
2. Бірлестік жетекшісі жасаған жоспар қанағаттанарлық деп табылып, мектеп директорына бекітуге жіберілсін.

Отырыс төрайымы:

Хатшы:

Э. Ибрагимова

Г. Турдиматова

**«Аққұм» жалпы орта мектебі**  
**Техникалық пәндер бірлестігі отырысының**  
**Хаттамасы**

**Аққұм елді мекені**

**№2**

**03.11.2022 ж**

**Отырысқа қатысқандар:5**

**Қатыспағандар:**

**Себептісі:**

**Отырыс төрайымы: Э. Ибрагимова**

**Хатшысы: Г. Турдиматова**

**Күн тәрбінде:**

1. I тоқсан қорытындысы (бақылау жұмысының қорытындыларын талдау).
2. Мектепшілік, аймақтық пән олимпиадасын қорытындылау
3. Мұғалімдердің өзара сабаққа енуі бойынша есебі.
4. ҰБТ -ға дайындық жұмысының барысы.

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Э. Ибрагимова I-тоқсан барысында оқушылардан әр пән бойынша БЖБ, ТЖБ алынып, әр сыныптың білім сапасына тоқталып өтті. Үлгерімі төмен оқушылар мен дарынды оқушылар анықталып, арнайы жоспарлар түзілгенін, сол бойынша жұмыстар атқарылып келе жатқанын айтып өтті.

Бірлестік жетекшісі екінші мәселеге тоқтала келіп, мектепшілік пән олимпиадасының қорытындысы бойынша 5-сынып оқушысы Нурдаулетқызы Е, 10-сынып оқушысы Асқар Е математика пәнінен, биология пәнінен 9-сынып оқушысы Тәпей Г, 10-сынып оқушысы Оянбек аймақтық пән олимпиадасына жолдама алғандығын айта келіп, аймақтық пән олимпиадасының қорытындысы бойынша осы аталған оқушылардың барлығы олимпиаданың аудандық кезеңіне өте алмағандығын айтты. Пән олимпиадасына оқушыларды іріктегенде, оқушыларды жан-жақты дайындау керектігін айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша мұғалімдердің өзара сабаққа ену барысы жүргізіліп жатыр. Яғни мұғалімдер сабаққа ену арқылы басқа сабақтармен тәжірибе алмасып, білімдерін жетілдіруде.

Төртінші мәселе бойынша біздің мектебіміз негізгі орта мектептен 2022-2023 оқу жылынан бастап жалпы орта мектеп болып, қайта ашылып, 10 сынып ашылғандақтан ҰБТ-ға дайындық барысы енді жүзеге асып жатқандығы жайлы айтылды. Оқушыларды уақтылы дайындыққа шақырып, деңгейлік тапсырма бойынша дайындау керектігі ескертілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келіп, отырыс соңында төмендегіше ұсыныс-пікірлер айтылды:

**Ұсыныс:**

1. Оқу жылының басы мен соңында оқушылардан бақылау жұмыстары алып отыру мектеп әкімшілігінен сұралсын
2. Оқушыларды ҰБТ-ға сапалы дайындау мақсатында қолдан тест сұрақтарын құрастыру қолға алынсын.

Отырыс төрайымы:  
Хатшысы:

Э. Ибрагимова  
Г. Турдиматова